

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Ұлт ұраншысы



Бүркітбай Аяғанды мен сонау, 86-шы жылғы еліміздің басына түскен қиын шақтан бері білемін. Осы көтеріліс Қазақстанды бүкіл әлемге әйгілеген оқиға болды. Мен ол күндерде КазГУ-дің тарих факультеті деканының ассистенті болатынмын. Оқиға болып жатқан жерге мені факультет деканы Евгений Кузнецов жіберді. Шамамның келгенінше студенттерді арандаудан сақтануға, бұзақылыққа бармауға, милиция қызметкерлеріне қол жұмсаппауға тырысып жүрдім.

Бірақ барлық қазақ зиялылары сияқты осы оқиғаның салдарынан мен де қудаландым, сөйтіп 1987 жылдың көктемінде партиядан шығарып жіберді. Бір жамандықтың бір жақсылығы болатыны сияқты, осы жылдарда біздің кеңестік идеологияға деген көзқарасымыз шұғыл өзгеріп, оған сыни көзбен қарайтын болдық. Сыни көзқарас шындықты тануға деген құштарлығымызды оятып, ой бөлісетін адамдар іздеп, өзіңмен пікірлес, дүниеге көзқарасы өзіңе жақын адамдармен жиі араластық. Оның үстіне демократия, «жариялылық» деген дүмпулермен Мәскеуден ойлы, сараптамалық кітаптар мен ақпараттық деректер тасқындап келе бастады. Мұның бәрі біздің тімтініп жүрген көңілімізге «іздегенге – сұраған» болып, оларды күн-түн демей қылғытуды білдік.

Сондай күндердің бірінде, 1988 жылы мені Білім жетілдіру институтына оқуға жіберген еді. Тегі, саяси жағынан шыңдалсын, сауатын ашсын деген болуы керек. Міне, осы оқу орнында ҚазПИ-ден келген өзімдей жас тарихшы Бүркітбай Аяғанмен таныстым. Өзара пікір алысып, ой бөлісу кезінде біз өзара рухани туыстас адамдар екенімізді таныдық. Екеуміздің де көзқарасымыз ұқсас, көңіл көкжиектеріміз деңгейлес, қоршаған әлемге деген пікіріміз барынша жақын болып шықты. Бізбен бірге сол кезде Қырғызстаннан келген жас ғалым Зайнидин Курбанов та оқыды. Ол да біздің құрдасымыз әрі рухани туысымыз болып шықты, сондықтан үшеуміз қалған өмірімізде бірге жүріп, дос болып келе жатқан жандармыз. Үшеуміз де кейін докторлық диссертация қорғап, профессор атандық. Зайнидин 3 жылдай Қырғызстан Жогорку Кенешінің Төрағасы қызметін де атқарды.

Бізді өзара рухани туыстастырған өмірлік көзқарастарымыз ғана емес, ұстанған азаматтық позицияларымыз да еді. Сол кезде бізге Мәскеуден профессорлар келіп, дәрістер оқыды. Олардың кейбіреулері бұрын Орталық комитетте қызмет еткен, ОК-ның партия тарихы бойынша танымал лекторлары, сондықтан олардың бәрі КСРО тарихындағы партияның рөлін асыра мадақтап, оның жүргізген саясатының дұрыстығын дәлелдеуге тырысатын. Ал біз сол кездегі жариялылықты пайдаланып, олардың пікірлерінің, қағидаттарының қиғаштығын әшкерелеп, кеңестік жүйенің әділетсіздігін айтып, қызу дискуссияға түсеміз. Жариялылықтың арқасында жаңа деректермен, жаңа фактілермен қаруланған біздің көптеген пікірлерімізді олар терістей алмай, әбден пұшайман болады. Кейде тізеге салып, біздің партиялылығымызды айтып қорқытпақ та болады, бірақ бұл кезде партияның қаһары қайтып, күші әлсіреп бара жатқан шақ болатын, оның үстіне кейбіреулерімізді мен сияқты оның қатарынан шығарып жіберген, сондықтан одан біз қорқа қоймаймыз. Міне, осы пікірталастар кезінде Бүркітбай ағалап алға түсті. Желтоқсан оқиғасының ызғары оның да арқасына аяздай батып жүреді екен, ол партияның ұлттық саясаттағы қателіктерін ащы шындықтармен, неше түрлі фактілермен дәлелдеп беретін. Тіпті кейбір фактілерді айтқанда жаны күйіп, ішіндегі барлық запыранын ақтаратын. Мәскеулік профессорлар мұндайда амалсыз тосылып, айтатын жауаптары болмай, ұнатпаса да біздің пікірлерімізбен келісуге мәжбүр болушы еді.

Мен Бүркітбай досым туралы пікір білдіргім керек болғанда алдымен осы оқиғаны еске аламын. Маған нақ осы институтта болған дискуссиялар бізді интеллектуалдық шайқастың терең сынынан өткізгендей өте терең әсер қалдырған еді.

Бүркітбай Аяған өзінің патриоттық ұстанымынан ешқашан айнымайтын, қайыңның дінгегіндей берік азамат. Қандай қиындық болса да оған сенім артып, арқа сүйеуге болады. Сонымен бірге, ол өте ізденгіш, ғылымға жантәнімен берілген жан. Бұлардың үстіне ұйымдастырушылық шеберлігі де өте жоғары екенін көріп жүрміз.

Мен өзімді қоғамдық аренаға алғаш рет шығарған Бүркіт досым деп есептеймін. Өйткені, ол барлық қоғамдық белсенді алаңның ортасында жүретін. Сол 80-ші жылдардың аяғында ол маған Жастар одағының жанынан халықтың қалың ортасына барып, қазіргі болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды түсіндіретін және адамдардың сұрақтарын жазып алып, сараптама жасау үшін орталық билікке тапсыратын идеологиялық десант құрылып жатқанын жеткізіп, мені соның қатарына қатысуға шақырды. Ол кезде Жастар одағында идеологиялық хатшы болып Иманғали Тасмағамбетов істейтін. Әлгі десантты ұйымдастырып жатқан сол азамат екен. Сөйтіп, біз елдің ең алыс түкпірлеріне дейін барып, шопандармен, малшылармен, өндіріс ошақтарының жұмысшыларымен, зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, халықпен ашық сөйлесуге алғаш рет дағдыланған едік. Осы жолдағы қызметім жаман болмаған болуы керек, мені Жастар одағының лекторы етіп қабылдады. БАҚ құралдарымен тығыз араласып, сұхбаттар, мақалалар жазып тұруыма да Бүкеннің әсері көп болды. Сөйтіп, Бүркітбай досымның арқасында мен қоғамдық аренаға шықтым. Осы жылдарда Бүкен «Ақиқат» атты бейформалды ұйым құрып, белсенді қоғамдық әрекеттер жасап жүретін еді. Оның ұйымдастыруымен телехабарлар да жүргізіліп тұрды. Ә.Бөкейханов, М.Сералин атындағы футбол турнирлерін ұйымдастырып жүретіні де есімде. Бұларда құр ойын емес, саяси әңгімелер, дискуссиялар да болып тұратын. Осының бәрі жастардың бойына тәуелсіз сананы егудің, отарсыздандыру рухын құюдың амалдары болатын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ол Президент Әкімшілігі мен Министрлер кабинетінің баспасөз қызметінің кеңесшісі, сектор меңгерушісі, ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары сияқты жауапты да тынымсыз жұмыстарды атқарды. Мұнда істейтін қызметкерлердің жұмысы өте қауырт, күтпеген жерден жаңа жүктемелер, жедел шешуді, тез орындауды талап ететін тығыз тапсырмалар көп болады. Талай жігіттің мұндай жұмыстарға шыдай алмай, қиналып жүргенін көргенбіз. Ал біздің Бүркіт досымыз осындай қызметтің өзінде жүріп ғылыми ізденістерін жалғастыра берді. Оның қаламынан сол кездегі заман талабына сай келетін, қоғам сұранысына жауап беретін қаншама ғылыми мақалалар, оқулықтар, кітаптар шығып жатты. Оның мақалалары мен кітаптарын студенттер мен жас ғалымдар кітапханалардан іздеп жүріп оқитынына талай рет куә болдық. Ол 8-ші, 9-шы және 11-ші сынып оқушыларына арнап «Қазақстан тарихы», ал жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап «Социология негіздері» оқулықтарын және «Қазақстан мемлекеті: қоғамдық жүйелердің эволюциясы», «Кеңестік социализмнің шарықтау шегі мен құлдырауы» және т.б. ғылыми еңбектерін сол жылдарда жазды. Әрине, мұндай еңбектер жазу үшін оның қызметтен тыс уақыттарында қаншама ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндер өткізгендігі сөзсіз.

Бүкеннің өмір жолы туралы да бір ауыз сөз айта кететін болсақ, ол үлде мен бұлдеге оранып өскен жан емес, керісінше оның бар тауқыметін бастан кешкен жан екенін білеміз. Атасы Аяған елдің үлкен молдасы, жұрттың бәрі атын атамай «Әйем» дейтін сыйлы адам болған. Өзі аңшы болып, аштық жылдарында бүкіл ауылды асыраған. Немерелеріне де бүркіт, түлкі, сусар, т.б. деп аң мен құстардың атын бергені де сол. Соғыс ардагері болған әкесі Фелман Бүркіттің бала кезінде өмірден өтті. Жетімдіктің сорын кеше жүріп, интернатта тұрып оқыған бала барынша намысты, есті, сергек жас болып ержетті.

Бүкеннің басына түскен екінші соққы анасының өлімі болды. Ол Бүркітбай әскерде жүргенде қайтыс болып, үйде бас көтерер жан болып інісі Түлкібай ғана қалды. Одан басқа қарындасы ғана бар. Сондықтан әскерден келген Бүркіттің мойнына үйленіп, әкеден қалған қара шаңырақты құлатпау міндеті асылғалы тұрды. Оқуға түсіп, ғылым жолын қуармын деген армандары көзден бұлбұл ұшты. Ағайын-туғандар да Бүркіттің тезірек үй болғанын қалаған еді. Бірақ осы кезде інісі Түлкібай үлкен ерлік жасады. «Әкем Бүркітімді оқытамын деп армандайтын еді, сен үйге алаңдама, оқуға бар, мен жұмыс істеймін, ендігі жылы кәмелетке толған соң үйленіп, әкенің шаңырағын өшірмеймін», дейді. «Інісі бардың тынысы бар» дегендей, Бүкен жалғыз інісі Түлкібайдың осы ерлігін ешқашан ұмытпай, ауыздан тастамай айтып жүрді. Мектепте өзінің де жақсы оқығанына

карамай, ол бірден қара жұмысқа кіріп, ағасын оқытуға бар күшін салды. Он сегізге толған бойында үйленіп, келінмен бірге үйдің де әрін енгізді. Әттең... әттең, Бүкеңнің осынау үлкен жүректі інісі, арқа сүйейтін тынысы өмірден ерте кетіп, оның жанына жазылмас жара салып кетті. Оның алдында ержеткен жалғыз ұлы Санжар, бала жастан бірге өскен досы Уәлден де кенеттен көз жұмып, басына бір соққыдан соң бір соққы тиген. Осының бәрін қара нардай көтере білген Бүкең бұл істе де талай адамға үлгі болып қайыспай, қайғыға қарсы тұра білді. Туыстарына бауыр еті езіліп тұрса да ол қазақ елінің амандығына, жерінің тұтастығына, тәуелсіздіктің тұрақтылығына шүкіршілік етіп, соған көңілін жұбатып, қайғысын кеңдікпен көтере білді. Құдайға шүкір дейік, қазір жұбайы Зәуреш екеуі қыздары Әйгерім мен Салтанаттан бірнеше немере сүйіп отыр.

Президент Әкімшілігінен кейін Бүркітбай Аяған Қазақ гуманитарлық заң академиясында, Мәдениет және ақпарат министрлігінде үлкен қызметтер атқарды. Одан Алматы қалалық ақпарат және келісім басқармасын бірнеше жыл басқарды. Осы қызметте жүргенде ол қоғамдық белсенділік, ұйымдастырушылық қабілет танытуымен қатар ғылымға адал берілетін қайраткерлігін көрсеткен соң «Қазақстан» энциклопедиясының бас редакторы болып ауыстырылды. Тәуелсіздік жылдарында басталған 10 томдық «Қазақстан» энциклопедиясының Бүркітбай бас редактор болып барғанда төрт томы ғана жарық көрген еді. Ал ол бас редактор болған бес жылда (2003-2008 жж.) қалған алты томы шығып, оқырмандардың қолына тиді. Бұл арада Бүкеңнің іскерлігі, ұйымдастырушылық қырлары, еңбекқорлығы өзінен өзі көрініп тұр. Осы қызметте жүріп жазған жүздеген мақалалары, «Қызылдар мен қаралар» атты және т.б. кітаптары халықтың санасын жаңғырту жолына қосылған сүбелі үлестер еді. Ол ағылшын тілін де өзі құрбылас ғалымдардың арасынан алғашқылардың бірі болып жетік меңгеріп, АҚШ-тың Стенфорд университетінің Гувер мұрағатында, Нидерландтағы Халықаралық әлеуметтік тарих архивінде ұзақ мерзімдік зерттеу жұмыстарын жүргізіп келді.

2008 жылы Астанада Мемлекет тарихы институты ашылатын болғанда оны аяқтан тұрғызып, ғылыми орталыққа айналдыра алатын тұлға іздегенде таңдау Бүркітбай Аяғанға түсті. Қазір бұл зерттеу институты аяғынан тік тұрып, еліміздегі іргелі ғылыми орталықтың біріне айналып үлгерді. Осыған дейін Алматы рухани астанамыз болып, барлық ғылым салаларындағы зерттеулер бойынша алдыңғы орынды бермей келсе, тарих саласы бойынша қазір Астана Алматымен теңесті. Бұл, ең бірінші кезекте, Б.Аяған басқарып отырған Мемлекет тарихы институтының арқасында болып отырған жетістік екенін батыл түрде айта аламыз. Қазір бұл институтта шыққан зерттеу еңбектері жұрттың іздеп жүріп оқитын дүниелеріне айналды. Соның ішінде «Ұлы дала тұлғалары» сериясымен шыққан «Н.Назарбаев – тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы» (үш тілде), Ә.Ермеков, Ж.Тәшенов және т.б. туралы кітаптар бар. Идеологиялық құрсаудан азат көзқараспен жазылған бірнеше тарих оқулықтары шықты. Ай сайын шығып тұратын «Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері» ғылыми бюллетенінен де көп нәрсе табуға болады. Институт азғана уақыттың ішінде тарих мәселелеріне арналған қаншама халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізді. Б.Аяғанның бұрын аз айтылған ақтаңдақ тақырыптарды зерделеуге қызығушылығы да зор. Осы орайда институттың 30 -шы жылдардағы аштықты түбегейлі зерттеуге бағытталған еңбектер жазып, конференциялар өткізгені қуантады. Сонымен бірге, «Қазақ хандығының құрылуы, өрлеуі және құлдырауы» деген еңбектің де маңызы зор. Ол ендігі жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған еліміздің сұранысына толық жауап береді ғой деп ойлаймыз.

Бүркіттің тағы бір айрықша еңбегін атап өтуді өзіме міндет санаймын. Осы күні «өзі болған қыз төркінін танымас» дегендей бір табыстарға қол жеткізген замандастарымыз туған ауылын ұмытып кетеді. Ал Бүркітбай Аяған оны ұмытпақ түгіл барлық тыныс-тіршілігін біліп, қолынан келген көмегін жасап, жердің шалғайлығына карамай, онымен тығыз байланыста отырған адам. 2008 жылы туған елінің тарихын зерттеп «Ақтас деген ауыл бар» деген кітап шығарды. Сол жылы ауылдың ортасына екі

қабатты қызыл кірпіштен өрілген мектептің бой көтеруіне тікелей атсалысты. Ал қазір барған сайын мектеп оқушыларының арасында спорттық жарыстар өткізіп, оларға өз қалтасынан жүлделер беріп отырады. Сондықтан жас жеткіншектерге Бүркіт ағаларының келуі бір мерекемен тең.

Міне, үлкен жүректі азамат, тұрпаты биік тұлға, Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің мүшесі, Халықаралық ақпараттандыру және Қазақстанның Білім академиясының академигі Бүркітбай Аяған осындай жан. Тарихшы ретінде ол көпшілікке танымал «Көшпенділер», «Ұлы дала дүбірі», «Жаужүрек мың бала» атты көркем фильмдердің ғылыми кеңесшісі болған. Бірнеше мемлекеттік марапаттармен наградталған.

Бүгінгі күні Бүркіт досым ата жасына жол салып отыр. Әйтсе де оның алар алдағы асулары көп екеніне сенгің келеді. Қазақ жастарының бойына тәуелсіз сананың қалыптасуына оның сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр. Әлі де осы биіктен табылып, ұлтымыздың туын ұрандата беру жолында жемісті еңбектер тілейміз.

Камал БҰРХАНОВ

Мәжіліс депутаты, саяси ғылымдар докторы, профессор.